

## «КЕЛІСІЛДІ»:

Жүзуден спорт шеберлері  
Федерациясының президенті  
А.С.Романов

«Rakhat Fitness» СК  
бас директоры  
С.М.Дроздов

Жүзуден спорт шеберлері  
федерациясының вице-президенті  
Қ.А.Сахариянов

Алматы қ.

«30» мамыр 2024 ж.

### Спорттық жүзуден «Мастерс» санаты бойынша Қазақстан Республикасының Алтыншы Ашық чемпионатын өткізу туралы ЕРЕЖЕ

#### 1. Мақсаттары мен міндеттері

- Қазақстан, ЕАЭО, Орталық Азия, Ресей, ТМД және басқа да елдердің спорттық жүзуден спорт ардагерлері клубтарының арасындағы достық байланысты нығайту;
- салауатты өмір салтын насихаттау;
- спорттық жүзуді кеңінен насихаттау;
- жүзуден спорт ардагерлерінің спорттық шеберлігін жетілдіру.

#### 2. Жарысты өткізілетін мерзімі және орны

Жарыс 2024 жылғы 14-15 қыркүйекте Алматы қаласында «Rakhat Fitness» спорт кешенінің базасында өтеді.

Техникалық сипаттамасы: 1 бассейн (50 м, 8 жүзу жолы), қол хронометражы.

Мекенжайы: «Rakhat Fitness» спорт клубы  
«Орталық жүзу бассейні» ЖШС  
Абай даңғылы, 48, Алматы қаласы  
Қазақстан Республикасы, 050022

**Қатысушылардың іс-шараға келетін күні және тіркеу:** 13 қыркүйек 2024 ж.

**Мандат комиссиясы:** 2024 жылғы 13 қыркүйекте, сағат 14.00-ден 18.00-ге дейін Алматы қаласы, Байзақов көшесі, 125 үй, 709 кеңсе мекенжайында орналасқан Жүзуден спорт шеберлерінің федерациясының кеңсесінде өтеді.

#### **Жарыстың басталатын күні мен уақыты:**

2024 жылғы 14 қыркүйекте, сағат 10:00-де (жарысалды дайындық - 9:00-де, Чемпионаттың ашылуы - сағат 9:45-те).

#### **Жарыстың басталатын күні мен уақыты (келесі күні):**

2024 жылғы 15 қыркүйекте, сағат 10:00, жарысалды дайындық сағат 9:00-де.

**ЕСКЕРТПЕ!** аккредиттеу медициналық анықтама немесе қатысушының денсаулығы жайлы өтініш мандат комиссиясына тапсырылғаннан кейін ғана беріледі. Мандат комиссиясын өткізу кезінде қатысушылар Ереженің түпнұсқасын ала алады.

### **3. Жарыстың ұйымдастырылуы және өткізілуі**

Жарысты ұйымдастыру мен өткізудің жалпы басшылығын жүзеге асырушылар: Жүзуден спорт шеберлерінің федерациясы және «Rakhat Fitness» СК (одан кейін – Ұйымдастырушылар).

Жарыстың спорттық бөлігін өткізу Жүзуден спорт шеберлерінің федерациясы бекіткен бас төрешілер алқасына жүктеледі.

Іс-шараны ұйымдастыруға басшылық жасайтын тұлғалар - А.С.Романов, К.А.Сахариянов, Ю.В. Сеницина.

Бас төреші – Л.И. Степанова (FINA төрешісі)

Бас хатшы – Э.В. Винокуров.

### **4. Жарысты өткізу шарттары**

Жүзуден спорт шеберлерінің федерациясының ережелеріне сәйкес, жарыс «Мастерс» санатындағы спортшылардың жеке біріншілігі ретінде өткізіледі.

Жарысқа қатысуға 18-24 жас аралығындағы адамдарға рұқсат беріледі.

18-24 жас аралығы санатында марапаттау бағдарламаның тек жеке түрлері бойынша ғана жүргізіледі. 18-24 жас аралығындағы спортшылардың алған ұпайлары «Мастерс» санатындағы командалық біріншілікте есепке алынбайды;

- әр қатысушы жарыс кезінде өз денсаулығының жайын жеке жауапкершілігіне алады, бұл міндетті түрде мандат комиссиясына тапсырылуы тиіс стандартты бланкідегі жеке өтініште расталады (өтініш үлгісі қосымшада көрсетілген);

- бағдарламаның жеке нөмірлерінде қатысушылар келесі жас санаттары бойынша жарысқа қатысады (жас санаты 2024 жылғы 31 желтоқсандағы жас көрсеткіштері бойынша анықталады):

18-24 2006-2000 жж. туған қатысушылар  
25-29 1999-1995 жж. туған қатысушылар  
30-34 1994-1990 жж. туған қатысушылар  
35-39 1989-1985 жж. туған қатысушылар  
40-44 1984-1980 жж. туған қатысушылар  
45-49 1979-1975 жж. туған қатысушылар  
50-54 1974-1970 жж. туған қатысушылар  
55-59 1969-1965 жж. туған қатысушылар  
60-64 1964-1960 жж. туған қатысушылар

65-69 1959-1955 жж. туған қатысушылар  
70-74 1954-1950 жж. туған қатысушылар  
75-79 1949-1945 жж. туған қатысушылар  
80-84 1944-1940 жж. туған қатысушылар  
85-89 1939-1935 жж. туған қатысушылар  
90-94 1934-1930 жж. туған қатысушылар  
95+ 1929 ж. және оның алдындағы жылдарда туған қатысушылар.

- командалар келесі жас санаттарында эстафеталарда сайысқа түседі:

100-119 жас; 120-159 жас; 160-199 жас; 200-239 жас; 240-279 жас; 280-319 жас; 320-359 жас;

- FINA ережелеріне сәйкес, «Мастерс» санатында эстафеталық жүзуге түсетін әр қатысушының жасы 25 жастан кем болмауы керек. Олай болмаған жағдайда, команданың осы эстафетада жинаған ұпайлары командалық біріншілікте есепке алынбайды;

- әр қатысушының сайысқа түсу саны бағдарламаның 5 (бес) жеке нөмірінен аспауы керек, оның ішінде бір күнде қатысатын сайыс саны 3 (үш) жеке нөмірден (эстафеталарға қатысуды есептемегенде) артық болмауы керек;

- жарыс барысында BIP СТАРТ ережесі қолданылады.

**ЕСКЕРТПЕ!** FINA ережелері бойынша, қатысушыларға жарысты бастау старты алдыңғы жүзу аяқталғаннан кейін бірден беріледі, алдыңғы жүзу сайысына қатысқандар бассейнің ернеуіне жақындамай, су жолағы белгісінен ұстап, суда қала алады. Стартер белгі бергеннен кейін команданың қатысушылары судан шығады. Жарысты старт тіреуінен емес, бассейн ернеуінен немесе суда бастауға рұқсат беріледі.

### 5. Жарыс бағдарламасы

1-ші күн, (14 қыркүйек)	2-ші күн, (15 қыркүйек)
50 м батт.	50 м брасс
50 м н.сп.	50 м в/с
100 м в/с	100 м н.сп.
100 м брасс	100 м батт.
200 м батт.	200 м брасс
200 м н.сп.	200 м в/с
4*50 м комб.	4*50 м в/с
200 м к.пл.	1500 м в/с
400 м в/с	

### 6. Өтінім тапсыру және жарысқа қатысуға рұқсат алу шарттары

Жарысқа қатысу үшін тапсырылатын қатысушының аты-жөні, туған күні мен жылы, алған атағы, қаласының, клубының атауы және алдын ала нәтижелері бар жүзу қашықтығы көрсетілген техникалық өтінімдер тек арнайы үлгіде [swimmasters.kz](http://swimmasters.kz) сайты арқылы 2024 жылғы 12 қыркүйекке (осы датаны қоса алғанда) дейін қабылданады. Өтінім қабылдау басталғаны туралы қосымша хабарланады.

Эстафеталарға қатысуға өтінімдер тек арнайы үлгіде [swimmasters.kz](http://swimmasters.kz) сайты (немесе [info@swimmasters.kz](mailto:info@swimmasters.kz)) арқылы 2024 жылғы 12 қыркүйекке дейін (осы датаны қоса алғанда) қабылданады.

Мандат комиссиясында көрсетілген күндерде тек жарыс кезеңдері мен қатысушылар бойынша өзгерістер (жас санатын өзгертпестен) енгізуге болады.

Барлық қашықтыққа жүзуге төленетін жарналар Федерацияның веб-сайтындағы электрондық төлем арқылы жүргізіледі.

**ЕСКЕРТПЕ!** 2024 жылғы 13 қыркүйекте Жүзуден спорт шеберлерінің федерациясының сайтында старт хаттамалары жарияланады. Бұл хаттамаларға өзгерістер енгізілмейді! Тапсырылған өтінімдерге 2024 жылғы 13 қыркүйектен бастап және жарыс күндері қосымша өтінімдер мен өзгерістер енгізуге жол берілмейді!

Старт жарналары:

1 жүзу қашықтығы – 8 000 теңге

2 жүзу қашықтығы – 10 500 теңге

3 жүзу қашықтығы – 12 500 теңге

4 жүзу қашықтығы – 14 000 теңге

5 жүзу қашықтығы – 15 000 теңге

65 жастан асқан қатысушыларға 50% жеңілдік ұсынылады.

Клубтың эстафеталық командасының старт жарнасы — 8 000 теңге.

1500 метр жүзу қашықтығының старт жарнасы — 12 000 теңге.

Мандат комиссиясында әр жеке қатысушының немесе команда өкілінің тіркеуден өтуі міндетті, ол үшін:

- жарыс кезінде өз денсаулығына немесе жарысқа қатысатын клубтың барлық мүшелері (команда өкілі) үшін жеке жауапкершілік алатыны туралы өтінімді (үлгі swimmasters.kz сайтында көрсетілген) немесе спорттық жарыстарға рұқсат беруге негіз болатын денсаулық жағдайы туралы медициналық анықтаманы ұсыну керек;
  - команда өкілі қажеттілік туындаған жағдайда топтағы қатысушыларды жасына қарай өзгертпей, командалардың құрамына өзгеріс енгізуі керек;
- Мандат комиссиясына клубтың тек бір ғана өкілінің (клуб президентінің немесе уәкілетті тұлғаның) қатысуы талап етілетінін ерекше назар алуды сұраймыз.

### **7. Жарысқа қатысушылардың және көрермендердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету**

Жарыс оның қатысушылары мен көрермендердің қоғамдық тәртібі мен қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған Қазақстан Республикасының аумағында қолданыстағы, тиісті нормативтік-құқықтық актілердің талаптарына жауап беретін спорт ғимаратында өткізіледі; сондай-ақ белгіленген тәртіпке сай бекітілетін, спорт ғимараты объектілерінің жарыс өткізуге дайындығын техникалық тексеру актілері болған кезде өткізіледі.

### **8. Жарысқа қатысушылардың жауапкершілігі**

Жарысқа қатысушылардың міндеттері:

- жүзу жарыстарының ережелерін сақтау және спортта тыйым салынған процедураларды қабылдамау;
- жарысқа қатысу кезінде және бассейнде қауіпсіздік талаптарын сақтау;
- мінез-құлықтың этикалық нормаларын сақтау.

Жарысқа жету жолында және жарыс күндері қатысушылардың денсаулығы мен өмірінің қауіпсіздігі үшін жауапкершілік оларға жетекшілік ететін тұлғаға жүктеледі. Конкурсқа қатысушыларды сақтандыру жарысқа жіберуші ұйымның қаражаты есебінен немесе жеке қатысушының есебінен жүзеге асырылады.

### **9. Жеңімпаздарды анықтау мен марапаттау**

Жарысты өткізу қағидаларына сәйкес, жеңімпаздар мен жүлдегерлер бағдарламаның әр түрінде және әр жас айырмашылығына қатысты топта анықталады. Жарыстың барлық қатысушысына сертификат беріледі. Бағдарламадағы жеке жарыс түрлері және барлық эстафета бойынша анықталған жеңімпаздар мен жүлдегерлер медальдармен марапатталады.

### **10. Қаржыландыру**

Жүзуден спорт шеберлерінің федерациясы жарысты ұйымдастыру және өткізу барысындағы шығындарды (спорт ғимараттарының қызметтерін, басқа қалалардан келген судьялардың жол жүру ақысы және олардың орналасуын, көлікпен тасымалдауды қамтамасыз етуді, жарыстың ашылу салтанатының қызметтерін, хронометраж жүйесінің жұмысын қамтамасыз етеді) көтереді.

Қатысушылардың іссапарға қатысты шығындарын (жол жүру, орналастыру, тамақтану, бастапқы жарнаны төлеу) спортшылардың өздері немесе іссапарға жіберуші ұйымдар көтереді.

### **11. Қатысушылардың тұрақтану орны және тамақтануы**

Қатысушылардың тұратын орны мен тамақтануын ұйымдастыруды қатысушылардың өздері жүзеге асырады.